

«6D020200 Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған,

Лю Ци орындаған «Қытайдың «Жібек жолы» энергетикалық жобаларындағы саясаты: Қазақстан және Түрікмен векторлары (салыстырмалы контекст)» тақырыбындағы диссертацияның

АНДАТПАСЫ:

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы. Диссертация «Жібек жолы» энергетикалық жобаларындағы Қытай саясатын, сондай-ақ оның Қазақстан және Түрікменстанмен қарым-қатынасын зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысы Орталық Азиядағы энергетикалық мәселелер мен Қытайдың екіжақты қарым-қатынастарын салыстырмалы түрде талдайды, сондай-ақ еуразиялық кеңістікте теңгерімді және қақтығыссыз энергетикалық саясатты қалыптастырудың теориялық мүмкіндіктері мен практикалық перспективаларын қарастырады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Орталық Азия жыл сайын Қытай Халық Республикасы үшін маңызды геоэкономикалық және стратегиялық аймаққа айналып келеді. Өз кезегінде, Орталық Азия елдері үшін Қытай жыл сайын рөлі артып келе жатқан негізгі сауда серіктесі және инвестор болып табылады. Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы саяси, сауда-экономикалық ынтымақтастық тұрақты дамып келеді, аймақаралық өзара іс-қимыл тәжірибесі жинақталған, бұл диссертация тақырыбының кең мағынада өзектілігін көрсетеді.

Тақырыптың өзектілігі Қытайдың халықаралық аренада жылдам өрлеуімен байланысты. ҚХР бүгінде әлемдегі екінші экономикаға айналып, Қытай жаһандық энергетикалық нарықтың ажырамас бөлігіне айналды., оның халықаралық позициясы әлемде кеңінен ескерілуде. Бұл Қытай факторының Орталық Азия елдеріндегі өзектілігін анықтайды. Қытайдың мүдделері кең географиялық аймақтарды және адам өмірінің дерлік барлық салаларын қамтиды, оның ішінде энергетика саласы қытай қоғамының өсуінде маңызды фактор болып табылады. Сонымен қатар, Қытай мүдделерінің сауда-экономикалық, көлік-логистикалық аспектілері негізінен еуразиялық кеңістікте және нақты Орталық Азия аймағына бағытталған.

Тақырыптың өзектілігі Қытайдың Орталық Азияның ең ірі энергоресурстық елдері – Қазақстан және Түрікменстанмен қарым-қатынастарындағы сыртқы саяси стратегиясының жеткіліксіз зерттелуімен де түсіндіріледі. Қазіргі зерттеулер бұл мемлекеттердің «Бір белдеу, бір жол» бастамасындағы рөлі мен маңызын жеткілікті деңгейде көрсете алмайды. Орталық Азия елдерінің Қытаймен ынтымақтастығын салыстырмалы контексте талдау және осы қарым-қатынастардың даму перспективаларын айқындау энергетикалық факторды егжей-тегжейлі және терең зерттеудің қажеттілігін айқындайды.

Тақырыптың халықаралық-саяси өзектілігі энергетикалық ресурстарға иелік ету мен олардың тұтыну көлемінің артуына негізделген ғаламдық

державалардың қатаң бәсекелестік белгілерінің пайда болуымен түсіндіріледі. Бұл әлемдегі қақтығыстардың күшеюіне алып келеді.

Диссертациялық зерттеудің нысаны – Қытай Халық Республикасының Қазақстан және Түрікменстанмен энергетика саласындағы қарым-қатынастардағы саясаты, сондай-ақ қалыптасып келе жатқан жаңа «Жібек жолы» архитектурасындағы рөлі.

Диссертациялық зерттеудің пәні – Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы «Жібек жолы экономикалық белдеуі» (ЖЖЭБ) аясындағы мемлекетаралық және көпжақты байланыстардың кешені.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты тақырыптың өзектілігінен туындайды және Қытайдың жаңа «Жібек жолы» аясындағы «Бір белдеу, бір жол» бастамасындағы энергетикалық саясатын, сондай-ақ Қазақстан мен Түрікменстанмен аймақтық ресурстық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталған жобалық ынтымақтастығын салыстырмалы түрде зерттеуден тұрады.

Негізгі мақсатқа жету бірқатар нақты міндеттерді шешуді қамтиды:

- Қазақстан мен Түрікменстан мысалында Орталық Азиядағы энергетикалық мәселелерге қатысты Қытай факторын зерттеудің теориялық-концептуалдық және әдіснамалық тәсілдерін айқындау;

- Қытай Халық Республикасымен (ҚХР) екіжақты қарым-қатынастардың даму үрдістерін қарастырып, Орталық Азиядағы энергетика саласындағы құрылымдық тәуелділіктердің жалпы мәселелерін ашып көрсету;

- Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы, сондай-ақ Қытай Халық Республикасы мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің нормативтік-құқықтық және саяси базасын жүйелеу, сонымен бірге энергетика саласындағы басым бағыттарға ерекше назар аудару;

- Қытайдың энергетикалық дипломатиясының негізгі аспектілерін «перифериялық дипломатия» концепциясын қолдана отырып талдау;

- Қазақстан мен Түрікменстанның энергетикалық жобалары аясында жаңа «Жібек жолы» бастамасының маңыздылығын «Жібек жолының экономикалық белдеуі» (ЖЖЭБ) және «Бір белдеу – бір жол» (БББЖ) шеңберінде бағалау;

- жұмыста салыстырмалы талдауды пайдалана отырып, үш елдің құбыр жүргізу саясатын сипаттау;

- SWOT-талдау жүргізіп, елдер арасындағы екіжақты және көпжақты қатынастардың дамуында, мысалы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), «Қытай – Орталық Азия» диалогы секілді форматтарда туындауы мүмкін әлсіз және күшті жақтарын, сондай-ақ мүмкіндіктер мен тәуекелдерді анықтау;

- Қытайдың Қазақстан және Түрікменстанмен энергетикалық ынтымақтастығын дамыту бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу және осы ынтымақтастықтың болашақ перспективаларын болжау.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері 1990 жылдардың бірінші жартысынан, Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан мен Түрікменстан тәуелсіздік алған кезеңнен бастау алады. Дәл осы уақыттан бастап Қытай Халық Республикасы, Қазақстан және Түрікменстан арасындағы энергетика

саласындағы қарым-қатынастардың даму тарихы басталады. Жекелеген тарихи деректерге жүгіну зерттеліп отырған акторлардың энергетикалық мүдделерін қалыптастыруды кешенді әрі неғұрлым сенімді түрде талдау қажеттілігімен негізделеді.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері

Зерттеуде мемлекеттердің «тағдырына» географиялық рельефтің әсерін кең мағынада және энергетикалық мүдделері ұқсас немесе жақын әртүрлі акторлардың аймақтық көршілігін тар мағынада қарастыратын геосаяси концепциялардың кейбір қырлары қолданылды (Мэхен, Маккиндер). Қазіргі жағдайда жаңа кеңістіктерді игеру парадигмасы пайда болды, ол технологиялық және ақпараттық прогреспен, сондай-ақ ресурстарға таласумен («шикізаттық экспансия») байланысты. Саяси реализм теориясы (Ганс Моргентау), әлемдік саясаттағы энергетикалық факторды зерттеудегі жүйелік тәсіл (Мортон Каплан), Кеннет Уолцтың құрылымдық реализм әзірлемелері және басқалары энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық стратегияларды жүйелі талдау мен түсіндірудің әдіснамалық негізі болды.

Бұл зерттеуде Қытайдың жаңа Жібек жолындағы рөлі мен орнын, сондай-ақ Орталық Азия аймағын анықтауда жаһандық және аймақтық саясат саласындағы белгілі стратег-саясаттанушылардың (Г. Киссинджер, Зб. Бжезинский, М. Суэйн, Э. Теллис, Фредерик Старр және т.б.) неолибералды батыстық көзқарастары ескерілді.

Қытай зерттеушілерінің халықаралық саясат пен жаһандық энергетикаға қатысты зерттеу әдістері де назарға алынды, олардың ерекшелігі – нақтылық пен практикалық бағыттылық.

Зерттеу міндеттерін шешу үшін халықаралық қатынастарды талдауға қолайлы жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Компаративистикалық және статистикалық талдау, синтез, дедукция және индукция әдістері, аналогия, жалпылау және сипаттау әдістері жалпыдан жекеге дейінгі таным процесін жандандыруға және энергетикалық компоненттің әлемдік саясатқа әсерін қарастыруға мүмкіндік берді. Тарихи әдіс пен хронологияны қолдану Орталық Азия елдеріндегі және ресурстарға бай жаңа ТМД мемлекеттеріндегі саяси және экономикалық үдерістердің эволюциясын қарастыруға мүмкіндік берді.

Нақты міндеттерді шешу үшін сипаттау әдісінен бөлек, «Case study» әдістемесі қолданылды. Алынған деректер SWOT-талдаудың негізін құрап, энергетикалық стратегияларға әсер ететін факторларды кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Жалпылау әдісін қолдану арқылы Орталық Азиядағы энергетикалық (көмірсутекті) саладағы Қытай мен басқа да акторлардың саясатына тән халықаралық-саяси және аймақтық үдерістердің ортақ қасиеттері мен белгілері анықталды. Қытайдың Орталық Азия елдерімен байланыстарын зерттеу барысында дәстүрлі сипаттау әдісі, энергетикалық әрекет субъектілері арасындағы байланыстарға сапалы баға беру әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы зерттеу мәселесі мен міндеттерін жаңаша қоюмен, сондай-ақ Қытайдың Қазақстан мен Түрікменстанмен энергетикалық саясаттағы халықаралық және екіжақты аспектілерін салыстырмалы тұрғыда қарастырумен ерекшеленеді. Қытай және Қазақстан ғылымы мен тәжірибесінде өзектілікке ие келесі нәтижелер жаңашылдық сипатқа ие:

- Қытайдың, Қазақстанның және Түрікменстанның Орталық Азия аймағындағы энергетикалық (көмірсутекті) мүдделерін іске асыру үдерісіне ықпал ететін ынтымақтастықтың стратегиялық бағыттары мен бәсекелестік орта әсерінің сипаты мен механизмдері анықталды;

- Қытай Халық Республикасының Орталық Азиядағы саясатын жүзеге асырудағы қазіргі сыртқы саяси мақсаттары мен мүдделері айқындалды;

- Қытайдың энергетика саласындағы халықаралық-саяси мүдделерінің Орталық Азия елдеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары, сондай-ақ туындаған қайшылықтарды басқару үшін қолданылатын институционалдық механизмдер мен құралдар салыстырмалы контексте анықталды;

- Орталық Азиядағы саяси-энергетикалық «бәсекелестік алаңының» көмірсутек саласындағы шекаралары мен мазмұны және осы алаңдағы Қытайдың күрделі байланыстары айқындалды;

- «Қытай – Қазақстан – Түрікменстан» диалогтық форматындағы түрлі конфигурациялар аясында саяси, халықаралық және аймақтық үдерістердің (құрылымдық және теріс) кешені анықталды;

- ХХІ ғасырдағы Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы екіжақты «стратегиялық» байланыстар шеңберінде «Бір белдеу, Бір жол» (БББЖ)/«Жібек жолы экономикалық белдеуі» (ЖЖЭБ); Қытай – Орталық Азия, Каспий форматы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және т.б. геосаяси аспектілердегі көпжақты дипломатияның тенденциялары мен форматтарының болашағы көрсетілді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Қытай мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынасын пәнаралық деңгейде тереңдетіп зерттеу, екіжақты байланыстарды объективті түсіну және Қытайдың Орталық Азиямен стратегиялық ынтымақтастығының қазіргі жағдайын талдау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу жұмысның қорғауға ұсынылатын тұжырымдары:

1. Қазіргі әлемнің халықаралық-саяси трансформациясы Орталық Азия елдеріне, олардың шекаралас көршілері – Қытай мен Ресеймен қарым-қатынасына, сондай-ақ трансұлттық энергетикалық компаниялардың қызметіне сыртқы ықпалын тигізуде. Қытайдың жаңа «өрлеу кезеңінде» оның көлік, энергетика және ресурстық саладағы үстемдікке ұмтылысы байқалып, Орталық Азияны Еуразияның ортаңғы бөлігі ретінде қамтитын жаңа Жібек жолы (ЖЖЖ) идеясы іс жүзінде жүзеге асырылуда.

2. Қытай Халық Республикасы өзінің геосаяси энергетикалық стратегиясының негізін дамушы елдерден жоғары дамыған елдер қатарына көшуге бағыттады. Бұл стратегияның негізі 2021–2049 жж. ресми

доктринасына сәйкес «шекарадан тыс» шығып, «ұлы держава» ретінде қалыптасуға арналған халықаралық стратегиясында қаланды.

3. Қытай Орталық Азияның барлық мемлекеттерімен тұрақты экономикалық және саяси қатынастарды стратегиялық деңгейде қолдап, екіжақты форматтағы инвестициялық, энергетикалық, көліктік және басқа да жобаларды тиімді жүзеге асырып келеді. Табиғи ресурстарға бай Қазақстан мен Түрікменстан Қытаймен энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейте отырып, ерекше саяси жақындасу перспективаларын көрсетуде.

4. Қытай жаңа экономикалық тәртіпті қалыптастыруды «Белдеу мен жол» бастамасы арқылы жүзеге асыруда. Бұл ретте ол Орталық Азия елдерінің егемендігі мен ұлттық дамуына нұқсан келтірмеуге тырысады, бірақ оларды көлік және энергетикалық жобалар арқылы өзіне тартуда. Орталық Азия елдері Қытайдың қатысуын энергетикалық жобаларды іске асыруға сыртқы инвестициялар ретінде қарастырады.

5. Қытайдың «перифериялық дипломатиясы» қолданыстағы және жаңа энергетикалық жобаларды ұзақ мерзімді және перспективалы деп санайды. Бұл ұстаным көршілестік қарым-қатынасты қолдау, «уақыт пен кеңістікке тәуелсіз үш өлшемді, көпдеңгейлі ынтымақтастық» (Си Цзиньпин) принциптеріне негізделген, саяси қысымсыз және өзара тиімді келісімдерге қол қою арқылы жүзеге асады.

6. Қытай Қазақстан және Түрікменстанмен ерекше қарым-қатынас орната отырып, энергетикалық өзара әрекеттестіктің аймақтық форматтарын құру және көпжақты негіздегі энергетикалық ынтымақтастықты прагматикалық шешу жолында ортақ түсіністікке қол жеткізуде. «Қытай – Орталық Азия» (+Батыс Азия), Каспий форматы, ШЫҰ, «Жасыл» формат сияқты платформалармен қатар upstream (апстрим) және downstream (даунстрим) тізбегінің дамуы келісімшарттық құжаттарда бекітілгендей, Қазақстан мен Түрікменстанның болашақта өздерінің қарқынды дамуын қамтамасыз ете алады.

Зерттеудің жұмысының жариялануы мен мақұлдануы.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында (ҚР ҰҒА) ғылыми тағылымдамадан өту барысында; «ТОО Тянь-Шань Мунай Сервис» қытай мұнай компаниясында кеңесші ретінде тағылымдама аясында; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да педагогикалық практика кезінде апробациядан өтті. Автор 11 мақала жариялады, оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енген, 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған журналдарда, 6 мақала халықаралық конференциялар жинақтарында жарық көрді.

Жұмыстың құрылымы зерттеу логикасына негізделген және қысқартулар мен белгілер тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер тізімінен тұрады. Негізгі мәтінге кестелер мен суреттер, сондай-ақ қосымшалар енгізілген. Диссертация көлемі 168 беттен тұрады.